

Тексерілді оқу ісінің меңгерушісі Омарбеков Н.Ж.

Күні: 20.11.22

Сыныбы: 10 сынып

Қатысушылар саны: 5

Мұғалімі: Мырзахметов Еркеғали

Тақырыбы: Атыс дайындығы.Калашников автоматы Автоматты бөлшектеу және жинақтау.

Сабақ мақсаты:

- 1.Білімділік мақсаты:Автоматты бөлшектеу және жинақтау ретін түсіндіру, білдіру,меңгерту.
- 2.Тәрбиелік мақсаты:Елін,жерін сүйге,саналы түрде Отанын қорғауға дайын болуды,Қазақстан Республикасы Қарулыкүштеріне деген құрметті,батылдыққа және бастамашылыққа тәрбиелеу.

- 3.Дамыту мақсаты: Автоматты толық емес бөлшектеу мен жинақтауды үйрету және оған қабілеттілігін арттыру,дамыту.

Сабақ түрі: Аралас сабақ.

Көрнекті құралдар:

- 1.Плака «Калашников автоматы»
- 2.Калашников автоматы.

Сабақтың барысы:

- 1.Ұйымдастыру кезеңі:Бөлімшені бір қатарлы сапқа тұрғызу,рапорт қабылдау,амандасу,сыртқы көрінісін тексеру,түгендеу.

- 2.Үй тапсырмасын тексеру:

- А.Калашников автоматын қашан,кім шығарған және оның арналуы.
- Б.Автоматтың негізгі бөліктері мен мехнизмдері.

- 3.Жаңа сабақ.

Автоматты бөлшектеу толық және толық емес болуы мүмкін:толық емес бөлшектеу-автоматты тазалау,майлау және тексеру үшін,толық бөлшектеу

жаңбыр мен қар астында қалғанда,не жөндеу кезінде автоматты қатты лас-танудан тазалау үшін жүргізіледі.Автоматты толық емес бөлшектеу мен жинақтау үстел үстінде немесе тзатөсеніш жайылып жүргізіледі,бөлшектер мен механизмдер бөлектенген ретімен қойылады.Оларды абайлап ұстап, бірінің үстіне бірін қоймай,күштемей жәнесоққыламай жүргізу керек.

Автоматты толық емес бөлшектеу тәртібі.

Оқжатарды бөлшектеу.Автоматты сол қолымен дүмнің мойыншасынан не құндағынан ұстап,оң қолмен оқжатарды орай ұстайды,бас бармақпен бекіткішті қысып,оқжатардың төменгі жағын ілгері ұмсындырып,оны бөлектеп алады.

Содан кейін оқтықта оқтың бар-жоғы тексеріледі,бұл үшін ауыстырғыш төмеңге түсіріледі, оны «АВ» (автоматты ату) немесе «ОД» (жекелей ату) жағдайына қойып,бекітпе жақтауының тұтқасы кейін жылжытылады,оқтықты тексеріп,бекіткіш жақтауы жіберіліп,шүріппе ұрыстық қайырудан босатылады.

Жабдықтардың пеналын дүм ұясынан шығарып алу.Оң қолдың сұқ саусағы мен дүм ұясының қақпағын пенал серіппенің әсерімен ұядан шығатындай етіп басады,пеналды ашып,одан сұрткішті тазалағышты, бұрауышты, қаққышты шығару керек.

Сүмбіні алу.Сүмбінің ұшын оның басы қарауылдың негізіндегі тіректен шығатындай етіп ұңғыдн тартып,сүмбіні жоғары суырып алады.Сүмбіні алу қиындық тудыратын болса,онда қаққышты қолдануға рұқсат беріледі.Оны сүмбінің басындағы саңылауға сала отырып,ұңғыдан сүмбінің ұшын тартып

суырып алады.

Автоматтан-ұңғылық тежеуіш компенсаторын бөліп алу. Бұрауышпен ұңғылық тежеуіш-компенсатордың орнықтырғышы батырылады.

Ұңғылық тежеуіш-компенсатор қарауыл негізіндегі бұрандалы дөңестен сағат тіліне қарсы бағытта бұралып шығарылады. Ұңғылық тежеуіш-компенсатор тым қатты бұралған жағдайда ұңғылық тежеуіш-компенсатордың әйнегіне қойылған сүмбінің көмегімен бұрап алуға болады.

Ұңғы қорапшасының қақпағын бөлектеу. Сол қолымен дүмнің мойнын қамти ұстап, осы қолдың бас бармағымен қайтармалы механизмнің бағыттаушы өзегінің дөңесін басады, оң қолмен ұңғы қорабы қақпағының артқы бөлігін жоғары көтеріп, қақпақшаны алады.

Қайтармалы механизмді бөліп алу.

Автоматты дүмнің мойнынан сол қолмен ұстап тұрып, оң қолмен қайтармалы Механизмнің бағыттаушы өзегін оның өкшесі ұңғы қорабының бойлық ойығынан шыққанша ілгері қарай ұмсындырады, бағыттаушы өзектің артқы шетін көтеріңкіреп, қайтармалы механизмді бекітпе жақтауының арнасынан шығарады.

Бекітпемен қоса бекітпе жақтауын алу.

Бекітпе жақтауын бекітпе жоғарыда болатындай етіп сол қолға алады, оң қолмен бекітпені кейін шегеріп, бекітпенің жетекші дөңесі бекітпе жақтауының фигуралы ойығынан шығатындай етіп, бекітпені алға қарай шығарып алады.

Ұңғылық бастырмасымен газ түтігін босатып алу.

Автоматты сол қолмен ұстап тұрып, оң қолмен жабдық пеналлын газ түтігі тұйықталғышының шығыңқысына тік бұрышты саңылаумен кіргізеді жапқышты өзінен тік бұрышты саңылаумен кіргізеді, жапқышты өзінен тік жағдайға дейін бұрап, газ түтігін газ камерасының келте түтігінен шығарып алады.

Автоматты толық емес бөлшектеуден кейін жинастыру реті. Газ түтікшесін ұңғылық бастырмасымен қосу. Автоматты сол қолмен ұстап тұрып, оң қолмен газ түтігін алдыңғы шетімен газ камерасының келте түтігіне ұмсындырады және ұңғы бастырмасының артқы шетін ұңғыға қысады: тұйықталғышты оның орнықтырғышты көздеу қалыбының ойына кіргенше бұйырады.

Бекітпені бекітпе жақтауына қосу.

Бекітпе жақтауын сол қолмен оң қолға алып, оны цилиндрлі бөлігімен жақтау арнасына сұғады: бекітпені оның жетекші дөңесі бекітпе жақтауының фигуралы ойығына кіретіндей етіп бұрап, бекітпені алға қарай сұғады.

Бекітпемен қоса, бекітпе жақтауын ұңғы қорабына қосу.

Сол қолмен дүмнің мойыншасын қамти ұстайды. Бекітпесіне қоса, бекітпе жақтауын оң қолда бас бармақпен қысылған бекітпе алдыңғы жағдайда болатындай етіп ұстап тұрып, газ поршенін көздеуіш қалыбының қуысына кіргізеді де, ұңғы қорабының қайырмалары бекітпе жақтауының ойықтарына кіретіндей етіп бекітпе жақтауларын ілгері жылжытады, оны сәл-пәл күштеп ұңғы қорабына қосады да, ілгері ұмсындырады.

Қайтармалы механизмді қосу.

Оң қолмен қайтармалы механизмді бекітпе жақтауының арасына кіргізеді, қайтармалы серіппені қысып, бағыттаушы өзекті ілгері итереді де, біршама төмен түсіріп, оның өкшесін ұңғы қорабының бойлық ойығына кіргізеді.

Ұңғы қорбының қақпағын қосу.

Ұңғы қорабының алдыңғы шетімен көздеу қалыбындағы жартылай шеңбер ойыққа кіргізеді, қақпақтың артқы шетін оң қолдың алақымен қайтармалы механизмнің бағыттаушы өзегінің шығыңқысы ұңғы қорбының қақпағының ойығына кіретіндей етіп алға және төмен ұмсындырады.

Шүрітпені ұрыстың қайырмасынан босатып, сақтандырғышқа қою.

Атқыш ілмекті басып, ауыстырғышты тірелгенге дейін жоғары көтереді

Автоматқа ұңғылы тежеуіш-компенсаторды қосу.

Дүмді тежеуіш компенсаторы қарауыл бойындағы бұрандалы шығыңқы бөлік кетірілгенше бұрайды.

Егер ұңғылы тежеуіш-компенсатордың саңылауы орнықтырғышқа сәйкес келмесе, ұңғылы тежеуіш-компенсатор ұңғысына айналдырады.

Сүмбіні қосу.

Пеналды дүм ұясына салу.

Сүрткішті, тазалағышты, бұрауышты, қаққышты пеналға салып, қақпағын жабады да, пеналды түбімен дүм ұясына кіргізеді: оны қақпақша жабылатындай етіп ұяға батырады. Жиналмалы дүмді автоматта пенал оқжатарға арналған сомке қалтасына салады.

Оқжатарды автоматқа қосу.

Автоматты сол қолмен дүм мойыншасынан немесе шет мойыннан ұстап тұрып, оң қолме оқжатардың ілгішін ұңғы қорбының терезесіне енгізіп, оқжатардың ілмегі оқжатардың тірек шығыңқысынан асатындай етіп өзіне бұрады.

V. Жаңа сабақты пысықтау.

1. Жаңа сабақты пысықтау мақсатында ҚР ҰҚК «Жыланды» шекара заставасының жауынгері сабаққа қатысып отыр. Әскери қызметші Калашников оқу қаруымен автоматты толық емес бөліктеп және жинақтап көрсетеді.

2. Бір оқушы тақтаға шығып автоматты толық емес бөлектейді, екінші оқушы автоматты толық емес бөлектеуден кейін жинақтайды.

VI. Бағалау. Үй тапсырмасына және сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалау.

VII. Үйге тапсырма. «Автоматты бөлектеу және жинақтау» тақырыбын оқып келу.

Тест

1. Калашников автоматын кім шығарды?

- A. Ф. В. Токарев
- Б. М. Т. Калашников
- В. Д. М. Кочетов

2. Калашников автоматы неге арналған?

- A. Қарсыласты қоян-қолтық шайқаста жеңіліске ұшырату.
- Б. Атқыштарды алғашқы атуға үйретуге.
- В. Қарсыластың адам күшін жоюға.

3. Калашников автоматының бүгінгі неше түрі бар?

- A. -8
- Б. -10
- В. -12

4. Автомат алғаш рет қай жылы шықты?

- A. 1947
- Б. 1942
- В. 1943

5. Калашников автоматының оқжатарына патрондар сыйымдылығы.

- A. 32
- Б. 45
- В. 30

6. АК-74 автоматының ұңғы калибрі.

- A. 7,62
- Б. 5,45
- В. 6,35

7. АКМ автоматының жарақталған оқжатармен қосқандағы салмағы.

- A. 3,6
- Б. 3,2
- В. 5,8

Пәні: Алғашқы әскери дайындық

Күні: 20.11.22 жыл

Сыныбы: 10 сынып

Тақырыбы: Атыс дайындығы. Калашников автоматы Автоматты бөлшектеу және жинақтау.

Мұғалімі : Мырзахметов Еркеғали

Сабақты өзара талдау

	Төмен 1	Орташа 2	Жоғары 3
Жоспарлау (0-1)			
☐ жоспар талаптарға сәйкес құрылды (№ 130 бұйрыққа 7-қосымша)			+
☐ оқу мақсаты пәннің оқу бағдарламасынан алынған сабақ мақсаты/ бағалау критерийлері оқу мақсатына сай			+
☐ оқушылардың бұрынғы білімдерін пайдалануы білім беру мақсатына сәйкес жоспарлануда			+
☐ берілген ақпараттың мазмұны оқу мақсатына сәйкес келеді			+
☐ таңдалған оқыту әдістері оқу мақсатына жетуге бағытталған			+
☐ қалыптастырушы бағалау жоспарланған			+
☐ белсенді оқыту әдістері жоспарланған жоспар сабақтың барлық кезеңдерін қамтиды			+
Оқыту бөлімі (0-1)			
☐ Сабақтың мақсатымен таныстырды			+
☐ оқушылармен бірге бағалау критерийлерін талдайды/сабақтың мақсатын оқушылар түсінеді			+
☐ оқушылар өздерін еркін және жайлы сезінеді			+
☐ Тапсырма бойынша нақты нұсқаулар береді			+
☐ Жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастырды			
☐ Мұғалім ақпаратты анық жеткізді			+
☐ мұғалім оқушыларды ойландыратын ашық сұрақтар қояды			+
☐ Барлық оқушыларды оқу процесіне тартады			+
☐ ақпаратты қосымша көздерден береді (оқулықтан бөлек)			+
☐ Қажет болған жағдайда оқушыларға сұрақтар қоюға мүмкіндік беріледі.			+
☐ мұғалім оқушылардың сұрақтарына жауап береді			+
☐ мұғалім тапсырманы орындауға кететін уақытты ескереді, бұл оқушылар уақытты алдын ала біледі			+
Мұғалім ажет болған жағдайда жеке оқушыларға қолдау көрсетеді			+
жоспарланған іс-шаралар орындалды (сабақ жоспарға сәйкес өткізілді)			+
☐ Сабақ мақсатына/өзіндік оқуға қол жеткізу деңгейіне қатысты оқушылардың рефлексиясын жүргізеді			+
Бағалауы (1-0)			

☐ Мұғалім оқушыларға назар аударады/ сабақтың мақсатын түсінуін бағалайды			+
☐ мұғалім сабақтың оқу мақсатына сәйкес берілген жаңа білімді оқушылардың қаншалықты меңгергендігін бағалайды			+
☐ Оқушыларға бір-біріне кері байланыс беруге мүмкіндік беріледі			+
☐ өзін-өзі бағалау ұйымдастырылады			+
☐ өзара бағалау процесі ұйымдастырылады			+
АКТ(1-0)			
☐ ақпаратты визуализация құралы ретінде пайдаланады			+
☐ оқушылар арасында талқылауды жеңілдету үшін әртүрлі АКТ қолданбаларын пайдаланады			+
☐ интерактивті тапсырмалар Интернет медиа файлдарды (аудио, бейне) пайдаланады			+

Қысқаша мазмұны: Сабақ әдістемелік тұрғыдан жоспарланып, өте сауатты өтті. Сабақтың барлық тапсырмалары мен кезеңдері Блум таксономиясына сәйкес болды, яғни ойлаудың барлық деңгейлері қатыстырылды. Барлық әдістемелер оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып таңдалды.

Сабақ жақсы психологиялық жағдайда өтті, балалар белсенділік танытты. Мұғалім сабақта АКТ-ны өте тиімді пайдаланды: студенттер интернет-ресурспен жұмыс істеуге мүмкіндік алды, сондықтан тапсырма зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталды.

Әр тапсырмадан кейін оқушыларға конструктивті кері байланыс берілді. Мұғалім оқушыларды белсенді оқуға және бірін-бірі бағалауға тарта білді, мұғалімнің дұрыс қойған, ынталандыратын сұрақтарының арқасында оқушылар өз бетімен жұмыс істеді.

Бақылаушы қолы :

Тлеуова Ж.